

Оқыту жүйесін арналған программалық жабдықтама ретінде жасалатын компьютерлік оқу құралын даярлау көпжақты мәселе болып саналады, оны жүзеге асыру үшін әр түрлі салаларда істейтін мамандарда пайдалана білу қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Информатика негіздері 1. 2015. № 1, 12-16 бет.
2. «Білім образования» ғылыми-педагогикалық журнал №1 (7) 2014 ж 10-11 бет
3. «Білім образования» ғылыми-педагогикалық журнал №1 (37) 2015 ж 8-10 бет
4. «Сары арқа» газеті. №2 (7363) 3-4 бет
5. «Сары арқа» газеті. №13 (7374) 6-7 бет

ӘОЖ 378.018.43

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨЛШЕУЛЕР ЖӘНЕ БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУДА ОЛАРДЫҢ РӨЛІ

Жақсылық Әсел Әділбекқызы

Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ физика- математика факультетінің студенті, Ақтөбе
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к. А.О.Әлиева

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауында «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс. Біз кәсіптік және техникалық білім берудің мазмұнын толық жаңартпақ ниеттеміз», деп атап көрсеткені баршаға мәлім[1].

Қазіргі кезде білім саласында еңбек етіп жүрген ұстаздар білім алушыларға сапалы білім беру мақсатында педагогикалық өлшеулерді түрлі білім беру жүйесінде пайдаланылуда. Өйткені ұстаздың мақсаты – әрбір болашақ маман иесіне сапалы білім беру, оның әр жақты дамуына мүмкіншілік жасау, білім алуға деген қызығушылығын арттыру.

Педагогикалық өлшеулерді қолданудың басты мақсаты оқу жетістіктерін алуға және оқу жетістіктерін нақты деңгейі туралы объективті ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады. Ақпараттық білім беру сапасын жоспарлау, оқыту мен тәрбиелеу сапасын жетілдіру, жақсарту, сапалы білім беруге даярлау, педагогтардың білімін жетілдіруді жоспарлау және білімнің нақты сапасын көтеру қызметін атқарады. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде педагогикалық өлшеулерді өзектендіруге ықпал ететін маңызды:

– білім берудің барлық деңгейлерін жандандыру және нәтижелерін объективті өлшеу негізінде білім беру жүйесінде тиісті өзгерістерге жүйелі талдау жүргізу қажет;

– XX ғасырдың соңы - XXI ғасырдың басы ғылыми және ғылыми- технологиялық революция білім беру мазмұнын саласын кеңейту көрініс алды, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде оқыту мен ақпараттың жаңа әдістерін енгізу, менеджментті дамыту және әртүрлі бағалау қызметін көрсете отырып, жүйелеу тетіктерін талап ететін педагогикалық жағдайлар туғызу;

– білім беруді даралау түрлі мониторинг және бағалау құралдарын жасауды талап ету, жеке оқу курстарын, көптеген бақылау және оқу бағдарламаларын ойлап табу.

Соңғы онжылдықта білім беру сапасын бағалау тәсілдері қалыптаса бастады. XX соңында - XXI ғасыр басында білім беруді өлшеу теориясы мүмкіндіктерімен теориялық және әдістемелік зерттеу сапасында ғылыми-тәжірибелік көзқарас қалыптасты.

Әлі күнге дейін білім беру сапасын өлшеуді талаптарға сәйкес қалыптастыру мәселесі шешілмеді. Жаңа буынның мемлекеттік білім беру стандарттары біртіндеп жалпы және кәсіптік білім беру жүйесінің енгізіліп жатқаны білім берудің сапасына ықпал ету құзыреттілігін арттырып отыр. Бұл құзыреттілік алған білімдерінің дағдылары және нақты

жағдайларда олардың тиімді пайдалануды көздейді. Құзыреттілік білім беру процесінің нәтижелерінің сапасын түсіну тенденцияларын көрсетеді және оқудың кезінде немесе одан кейін нақты проблема жағдайын білдіреді. Білім беру саласындағы құзыреттілікті іске асыру негізі білім берудің негізгі параметрлерін өлшеуді қамтуы тиіс.

Құзыреттіліктің негізгі мәселесі пәнаралық біліктіліктерінің болмауы және өлшеуге қиын болуы.

Осылайша, білім беру сапасын бағалаудың негізгі мәселесі алынған деректерді өлшеу әдістерін жетілдіру, өлшеу нәтижелерін түсіндіру, әдістерін құру, өлшеу дәлдігін жақсартып, педагогикалық өлшеу әдістемелік негіздерін дамыту болып табылады. Менің ойымша, білім беруді өлшеудің маңыздылығы, білім беру сапасын басқару, білім беру жетістіктері және оларды қолдану сапасын өлшеу үшін тұжырымдамалық -әдіснамалық тәсілдерінің негізгі мәселелері болып табылады. Оқу жетістіктерінің деңгейін объективті бағалау үшін және білім беру процесінде білім беру сапасын бақылау үшін оларды пайдалануға оқу сапасын өлшеу, сараптамалық қорытынды және бағалау құралдарының түрлі аралас әдістемесін тарту қажет деп санаймын. Осы мәселелер В. И. Звонниковтың білім беру сапасын бипарадигмалық бағалау әдістемесінде қаралған, бұл әдістеде студенттерді оқыту және өлшеу аралас әдістемесін, білім беру сапасын басқару білім беру өлшемін арттыру рөлі мен компьютердің технологиялық мүмкіндіктерін кеңейтуді пайдалана отырып түрлі әдістерді құрылымдау қажеттілігі айтылған. Бағалау құралы ретінде бипарадигмалық әдістерді пайдаланған кезде стандартталған тестілер ғана емес, сонымен қатар әдістер мен өлшеу құралдарының жиынтығы пайдаланылады[2].

Аралас өлшеу моделін пайдалану мысалы ретінде Ресейде ҰБТ емтиханының шығуы болып табылады. Тестті таңдаумен қоса беріліп отырған бір тестілік материалдардан дұрыс жауап таңдап белгілеу, педагогикалық өлшеудің отандық тәжірибеде жаңа тәсілі болып табылады. Ресейде ҰБТ-ның шығуы бипарадигмалық әдістемені практикада қолданылуына және университеттерге қабылдау үшін мектептерге сапалы сараптамалық бағалаулар жүргізуге, мектептер мен мұғалімдердің аттестациядан өтулеріне мүмкіндік берді. Педагогикалық өлшемдердің сандық және сапалық тәсілдері комбинациясының мынадай жалпылама схемасы ұсынылуы мүмкін:

сапалық өлшеу - сандық түсіндіру - нәтижелер. Осы схеманы қолданудың мысалы студенттердің мұғалімге ауызша жауап беруін айтуға болады, бағалау шкаласы қарапайым сандық (мектеп бағасы) ретінде көрсетілген. Осыған ұқсас мысал: ҰБТ тесттерінде оқушылардың еркін жауап беруі;

сандық өлшеу - сапалық түсіндіру - нәтижелер. Бұл ең жиі пайдаланылатын схема болып табылады. Бұл білім беру өлшеудің ең көзге түсетін түрі болып табылады, себебі нәтижелері ұзақ мерзімді қорытындылар мен болжамдар ұсынуға, білім беру сапасын бақылау үшін пайдаланылады;

Сапалы әдістері - нәтижелері - сандық әдістері. Бұл нұсқасы параллель - конструкторлық деп аталады және сапалық деректер бағаланады[3].

Оқу жетістіктерінің сапасын бағалау тиімділігі сапа көрсеткіштері стандарттары, өлшемдер мен көрсеткіштері түрінде өлшенетін не сарапшының қорытындысын ұсынылған қызметпен байланысты. «Сапа» кешенді көпәспектiлi тұжырымдама болғандықтан, әр жағдайда өзіндік зерттеу, тікелей білім беру сапасын өлшеу арқылы құрылуы тиіс.

Білім беру сапасын бағалауды өлшеу заманауи оқыту әдістемесін жүйелі пайдалану, аймақтық білім беру жүйесінің әр түрлі деңгейлерінде басқару арнайы құрылған ортамен мүмкін: білім беру жүйесінің әр түрлі деңгейлерінде педагогикалық өлшеулер айналысатын өңірлік құрылымы; кәсіби дайындығы кадрлық (сынақшыларды, сарапшылар, сондай-ақ менеджерлер); ақпараттық технологиялар деректер базасын құруға және т.б., бұл білім беру жүйесінің сапасын аймақтық бағалау қатысуымен қалыптасады.

Қорыта келгенде, педагогикалық өлшеулер және білім сапасын бағалауда олардың рөлі қазіргі заманғы білім беру жүйесінде педагогикалық өлшеулерді өзектендіруге ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Ә. Қазақстан білім қоғам жолында. Назарбаев Университетінде оқыған дәрісі. Егемен Қазақстан. 6 қыркүйек. 2012.
2. Звонников В. И. Измерения и качество образования. М., Логос, 2006. – 313 с.
3. Третьякова Т. В. Измерение качества образования посредством единых государственных экзаменов // Этнос. Образование. Личность, – № 8. – Институт повышения квалификации работников образования им. С. Н. Донского II // Якутск, 2007. – С. 39-41.

ӘОЖ 378.016.02:004.738

ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕРДІ MACROMEDIA FLASH АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Жарқынбек Ботакөз Ордабекқызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Ақпараттық технологиялар факультетінің

4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент Шындалиев Н.Т.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. 21 ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі. Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық – коммуникациялық технологияны (АКТ) қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды.

ЖОО-да мамандарды даярлау сапасы оқу үдерісінің ұйымдастырылуына, оның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуіне тікелей байланысты. Мамандықтың пәндерін оқыту процесінің тиімділігін арттыру үшін білім беруге бағдарланған электронды оқыту басылымдары, соның ішінде цифрлық білім беру ресурстары кеңінен қолданылуда.

Жаңа технологиялардың оқу процесінде қолдануда жаңа оқу пәндерінің пайда болуы, оқытудың жаңа формалары мен тәсілдерін қарастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Соның ішінде мультимедиа технологиясын қолдану келешегі зор. Мультимедиа және телекоммуникациялық технологиялар жалпы білім беру жүйесінде принципті тұрғыда жаңа әдістемелік жолды ашады.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы - оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалануды қалыптастырып, ақпараттық қоғамға үйрету..

Қазіргі уақытта ақпараттық индустрияда мультимедиа жүйесінің өзіндік инфрақұрылымы бар. Бұл факт заманауи ақпараттық технологиялардың жаңа кезеңінің қалыптасуына себеп болды. Бұл өнімді мультимедиа деп атаймыз, себебі компьютерлік техниканың аппараттық-бағдарламалық құрылғылары және сандық технологиялардың негізгі методологиясын жүйелейді, яғни текст, графика, видео, музыка түрінде берілген ақпараттарды қосып, жаңа бір бағдарламалық өнім құрастырады.

Macromedia Flash –те жұмыс істеудің 5-мүмкіндігі. 1)Macromedia Flash MX туралы түсінік және оның мүмкіндіктері мен принциптері. 2)Macromedia Flash MX – тері ActionScript тілі және мультимедиялық файлдар туралы түсінік. 3) анимацияның мүмкіндігі, анимацияны құру, қабаттар мен фондық эффектiлер.4) электрондық оқулықтар туралы түсінік. 5)Macromedia Flash MX арқылы жасалатын мультимедиялық фильмдер.

Қазіргі заманда оқытуда жаңа технологияларды қолдану түрлері көп. Соның ішінде заманауи бағдарламаның бірі Macromedia flash бағдарламасын айтуға болады. Macromedia flash бағдарламасы арқылы тарихи жәдігерлерді оқушыларға үйретуге үлкен мүмкіншілігіміз бар, себебі бұл бағдарламаның мүмкіншіліктері өте зор. Тарихи жәдігерлерге арналған бағдарлама жасау үлкен жұмысты талап етеді[1].